

арнаулар қазақ поэзиясында аз емес. Бір қолмен бесік, бір қолмен аласың жұрбеткең әйел-аналар әрбейіңнің қай жанрында да, өнерде де басшы кейіптері біра бейнес.

«Бар тіршілік әйелдерден жаралған, Бақыт, байлық – бәрі содан таралған. Азаматтың бар тұрары Ананың Алпыс екі тамырынан нәр алған» - деп жырлайды ақын.

Сұлулықтың символы, сұлулықтың үлгісі, даналықтың дарқаны, мейірім мен шапағаттың шуағы, ер-азаматтың қуаты, перзентінің жұмағы болған қазақ әйелі қазіргі таңда еліміздегі барлық салада белсенділік танытып келеді.

Таяуда Арқалық қаласының №2 облыстық әмбебап-ғылыми кітапханасының Өнер бөлімінде, меңгерушісі Әлия Аубакированың ұйымдастыруымен «Сыйынар-ем ана деген тәңірге», - тақырыбында әдеби-саз кеші өтті. Кештің құрметті қонақтары: қаламыздағы «Ардагерлер» ұйымының белсенді мүшелері, жейнеткер-ұстаздар, Еңбек ардагерлері, аяулы ана-әжелер: Әмина Сарманова, Бақытжамал Қалтаева, Тұрсынқұл Ордабаева. Кешке Арқалық Медицина колледжінің, Назипа Құлжанова атындағы гуманитарлық және Арқалық көпсалалы колледждерінің білім алушылары, Ыбырай Алтынсарин атындағы гимназияның оқушылары шақырылған.

Жүргізуші Әлия Қарсақбайқызының кіріспе және мерекелік құттықтау сөзінен кейін ән-шашу орындалды. «Ана туралы» әнді Медицина колледжінің оқушысы А.Иманбекова шырқап, көңілге нұр төккендей болды. Ақын Рахат

орындап, көркем сөз шеберлігі арқылы аналарға деген сүйіспеншіліктерін, шексіз алғыстарын жеткізе білді. Кешке жас ақындар да шақырылған. Солардың бірі көпсалалық колледжді оқушысы Арайлым Жетпісбай өз шығармашылығынан «Аналарға» атты өлеңін оқып, тыңдаушыларды жадырата түсті. А.Тұрғынбаева орындауында Жанар Айжанованың «Ана-ау» әні аяулы аналардың ұрпағы үшін көрген бейнеттерін көзге елестетті.

Қазақтың әні қандай, күйі қандай, Қалдырған бабалардың сыйы балдай. Байланып сансыз көздер сахнаға, Сырлы өнер снықырына ұйыған-

қандай, - дей келе, кеш жүргізушісі Ә.Қарсақбайқызы келесі кезекте гимназия оқушылары, Б.Байқадамов атындағы «Өнер» мектебінің түлектері, бірнеше конкурстар жеңімпаздары, жас күйшілер: Бейбарыс Нұрханов, Жәнібек Сүлеймен және Елдос Қасымның орындауларында Құрманғазының «Балбырауын», «Адай», Н.Тілендиевтің «Әл-қисса» күйлері тыңдалатынын хабарлады.

«Сазына күй – құдірет тоя алған ба,

Жетелеп еліктірген ой-арманға», - деп ақын Молдатай Жапарұлы жырлағандай, тыңдаушылар бір-бірін баулап, бөлініп

рылған қонақтарға тағзым еткен, өнерін көрсеткен жастарға алғысын айтып, аяулы көктем мерекесімен тағы да құттықтай отырып, аналарға сыйлық тапсырды. Өз кезегінде аналар да жастарға алғысын, ақ тілектерін жаудырды. Кеш ұйымдастырушы Ә.Қарсақбайқызына ризашылығын бір-екі шумақ өлең жолдарымен білдірді. Ең соңында кешке қатысушылар аналармен қосылып Гафу Қайырбековтың сөзіне жазылған Шәмші Қалдаяқовтың «Ана туралы жыр» әнін асқақтата шырғады.

Кеш аяқталды, бірақ қатысушылар тарар емес. Өнер бөлімінің аса қызықты, тарихқа толы көрмелерін көріп жүр. «Жақсылық-көрмекке», - дегендей, бөлім меңгерушісі Ә.Қарсақбайқызының тынымсыз іздену еңбегі нәтижесінде безендірілген көрме сөрелерін ақтара бергің келеді. «Ұлт азаттығы өткен тарихтан бастау алады», тақырыбына арналған көрме сөрелері тақырыпқа сай қамтылған. Ұлт-азаттық көтерілісіне қатысқан Торғай өлкесі жайында шыққан кітаптар, пікірлер, ескерткіштер, басылымға шыққан мақалалар, т.б. материалдар көздің жауын алады, оқи бергің келеді. «Өнер бағыз жайқалған өлке» - атты көрме Арқалық қаласының 60 жылдығына арналған. Мұнда өлкеміздің өнерлі тұлғалары: әнші, күйші,

ақын, мүсінші, қолөнер шеберлері жайлы мағлұматтар жинақталып, рет-ретімен орналастырылған. Ал, жыл сайын өнер бөлімінде өткізіліп жүрген кездесулер, кештер, сұхбаттасулар, мерекелерге, аяулы даталарға арналған іс-шаралардың әдістемелік құралдар жинағы жыл сайын бір-бір кітапшы болып шығарылған. Әсерлі, тағылымды, ұлағатты Өнер бөлімінің жасап жатқан жұмыстарының өзі бір тақырып болып көпшілікке пана ету қажеттілігін сұранып тұрғандай.

Әлия!
Тыңдырған ісің – мақтаныш,
Бойыңда сақтап ерік-күш.
Туған елдің тасынае.

